

**А. А. МАЙМУРУНОВА**

*Л. Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан*

## **МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ**

Мақалада автормен аймақтағы моноқалалардың инновациялық дамуын басқарудың қазіргі кездегі әдістері мен қағидалары қарастырылған. Тиімді басқарудағы әдістерді таңдауға және қолдануға әсер ететін факторлар анықталған. Аймақтың инновациялық белсенділігі оның бәсекеге қабілеттілік стратегиялық саясатының басты көрсеткіші ретінде Қарағанды облысы моноқалаларындағы кәсіпорындарды инновациялық белсенділігіне талдау жасалынды. Инновациялық қызметтің табысты дамуы экономикадағы ғылыми-инновациялық саланы мемлекеттік қолдау жүйесімен байланысты екенін ескере отырып, Қарағанды облысы моноқалаларының инновациялық дамуын мемлекеттік қолдаудың институционалдық құрылымы айқындалды. Қазіргі уақытта инновациялық саясатты іске асырудың негізгі құралы аймақтық инновациялық бағдарламалары мен даму тұжырымдамалары болып табылатындықтан, моноқалалардың инновациялық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегияларға шолу жасалынды. Сонымен қатар, аймақтың экономикалық, әлеуметтік, географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, нақты моноқаланың әлеуметтік-экономикалық жүйесінің әрекет ету моделі ұсынылды. Моноқаланы тұрақты дамыту мақсатында тұрақтандыру стратегиясы мен тактикасын құрастыру және жүзеге асыру, моноқаланың инновациялық ортасын қалыптастыру мен дамытуды басқару үдерісін оңтайландыру үшін моноқаланың ішкі ортасының инновациялық әлеуетін, сыртқы ортаның әсер ету факторларын сапалы талдау, сондай-ақ еліміздегі инновациялық қызметті жүзеге асыру қағидаттары мен шарттарының жиынтығын есепке алу қажет. Моноқалалардың инновациялық дамуын басқару әдістері мен қағидалары мүдделерді үйлестіруге, қатысушылардың қызметін сәйкестендіруге және оң және теріс әсердің түрлі факторларының ықпал ету дәрежесін есепке алуға негізделген инновациялық ортаға жергілікті өзін-өзі басқару органдарының көп өлшемді және көп аспекті, мақсатты ықпал ету үдерісін білдіреді.

**Түйін сөздер:** моноқала, инновациялық даму, инновациялық даму әдістері, басқару қағидалары, инновация, инновациялық белсенділік, инновациялық стратегия.

*Рассмотрены современные методы и принципы управления инновационным развитием моногородов в регионе. Определены факторы, влияющие на выбор и применение методов эффективного управления, инновационная активность региона как главный показатель стратегической политики ее конкурентоспособности, проанализирована инновационная активность предприятий моногородов Карагандинской области. Учитывая, что успешное развитие инновационной деятельности связано с системой государственной поддержки научно-инновационной сферы в экономике, определена институциональная структура государственной поддержки инновационного развития моногородов Карагандинской области. Так как в настоящее время основным инструментом реализации инновационной политики являются региональные инновационные программы и концепции развития, проведен обзор государственных программ и стратегий, направленных на инновационное развитие моногородов. Также была представлена модель функционирования социально-экономической системы моногорода с учетом экономических, социальных, географических особенностей региона. В целях устойчивого развития моногорода для разработки и реализации стратегии и тактики стабилизации, оптимизации процесса управления формированием и развитием инновационной среды моногорода необходимо качественный анализ инновационного потенциала внутренней среды моногорода, факторов воздействия внешней среды, а также учет совокупности принципов и условий осуществления инновационной деятельности в стране. Методы*

и принципы управления инновационным развитием моногородов представляют собой многомерный и многоплановый, целенаправленный процесс воздействия органов местного самоуправления на инновационную среду, основанный на гармонизации интересов, идентификации деятельности участников и учете степени влияния различных факторов положительного и отрицательного воздействия.

**Ключевые слова:** моногород, инновационное развитие, инновационные методы управления, принципы управления, инновация, инновационная активность, инновационная стратегия.

*In the article, the author considers modern methods and principles of innovation in monopoly regions in the region. The factors that affect the selection and application of the methods of effective control. Innovative activity in the region as the main characteristic of strategic policy in the field of innovation is investigated by the innovation companies of the Karaganda region. Considering that the successful development of innovation activity is connected with the system of state support for the science and innovation sphere in the economy, the institutional structure of state support for the innovation development of the monotowns of the Karaganda region has been determined. Since at present the main instrument for implementing innovation policy is regional innovation programs and development concepts, a review of government programs and strategies aimed at the innovative development of single-industry towns has been conducted.. A model of the functioning of the socio-economic system of a single-industry city was also presented, taking into account the economic, social, geographical features of the region. In order to develop a mono-city sustainable development, the development and implementation of a stabilization strategy and tactics, optimization of the management process of the formation and development of the mono-city innovation environment requires a qualitative analysis of the innovation potential of the mono-city internal environment, environmental factors, and taking into account a set of principles and conditions for the implementation of innovation activities in the country. Methods and principles of management of innovative development of monotowns represent a multidimensional and multi-dimensional, targeted process of the impact of local governments on the innovation environment, based on the harmonization of interests, identification of participants' activities and taking into account the degree of influence of various factors of positive and negative impact.*

**Key words:** monotown, innovative development, innovative management methods, management principles, innovation, innovative activity, innovative strategy

Инновациялық әдістер, әдетте, техникалық, экономикалық, әлеуметтік және табиғи саладағы көптеген үдерістермен өзара әрекеттерге негізделеді, яғни жекелеген кәсіпорындарға, өңірлер мен елдерге басымдық береді [1].

Басқару әдістерін қарастыра келе және оларды инновациялық белгілермен салыстыра отырып, жалпыға белгілі жіктемеге стандартты емес әдістерді қосуға болады. Олар инновациялық белгісі бойынша сараланады. Оларға келесі әдістерді жатқызуға болады: өзін-өзі ұйымдастыру немесе өзін-өзі басқару; басқару үдерісін толық немесе ішінара автоматтандыру; кластерлік тәсіл; басқарылатын бірліктерді оңтайландыру. Аталған әдістер қоршаған басқару ортасының дамуына сәйкес өзгеруі мүмкін екеніне тағы да назар аудару қажет.

Жиырмамыншы ғасырдың басынан бастап білікті басқару ұйымдық жүйелер қызметінің тиімділігін арттырудың маңызды құралына айнала бастады. Қазіргі заманның сипаты стратегиялық және инновациялық басқарудың өзара байланысы болып табылады. Жаңа технологияны енгізу, жаңа тауарлар мен қызметтерді ұсыну, жаңа нарықтарды қалыптастыру немесе жаңа ұйымдық нысандарды енгізу ұйымға тұтынушылар үшін қорытынды құндылықты ұлғайтуға мүмкіндік береді [2]. Ғалымдар инновацияны енгізу экономикалық прогрестің негізі екенін бірнеше рет дәлелдеді.

Осыған байланысты аймақтарды, қала және моноқалаларды, кәсіпорындарды басқаруда инновациялық нысандар мен әдістерді енгізу қажеттілігі туралы мәселе өзекті болып есептелінеді.

Аймақтың инновациялық белсенділігі оның бәсекеге қабілетті стратегиялық перспективасын қалыптастырудың, нарықтық тауашаны ұстап қалу мен кеңейтудің негізгі шарттарының бірі бола алады. Инновацияның неғұрлым ірі жүйесі үшін-бұл оң көрсеткіштерге шығу тәсілі. Сондықтан, экономикалық қиындықтарды еңсере отырып, әрбір жүйеге инновациялық белсенділікті арттыра бастау, азық-түлік және технологиялық инновациялар саласында әзірлемелер жүргізу қажет [3].


Қазіргі уақытта өлшеусіз жылдамдықпен ақпараттық, ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына сүйене отырып, өндірістің жаңа технологиялары әзірленіп, бірнеше онжылдықтан кейін қоршаған әлемдегі дербес құрылым ретінде бөлінетін әрбір жүйе жаңа, стандартты емес басқару әдістерін қолданылулары қажет деп болжауға болады. Қарағанды облысындағы инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің деңгейі 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Қарағанды облысы моноқалаларындағы 2013-2017 жылдар аралығындағы инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің деңгейі

	Инновациялық белсенді кәсіпорындардың саны, бірлік					Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, пайызбен				
	2013	2014	2015	2016	2017	2013	2014	2015	2016	2017
Қарағанды облысы	148	159	216	238	257	7,6	8,4	9,2	10,6	11,1
Балқаш	8	6	10	3	3	7,6	7,1	10,1	3,4	3,4
Жезқазған	4	4	5	5	7	3,4	3,3	3,5	3,8	4,8
Қаражал	-	-	-	1	1	-	-	-	7,1	9,1
Саран	3	8	11	11	18	5,8	15,1	23,4	25,6	39,1
Сәтбаев	2	3	2	1	1	5,7	7,1	5,1	2,9	3,1
Темиртау	25	22	11	13	19	8,2	8,6	3,3	4,0	6,1
Шахтинск	2	1	1	2	3	6,9	4,5	3,8	8,3	13,0
Абай	5	5	5	4	4	12,8	14,3	15,2	12,5	8,9
Ескертпе – [4] әдебиет көзі негізінде жасалған										

Кестеде көрсетілгендей, облыс бойынша көптеген моноқалаларындағы инновациялық белсенділіктің төмендеуін металлургия саласындағы инновациялық өнім өндірісінің құлдырауы себебімен түсіндіруге болады.

Моноқалалардағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі оның бәсекеге қабілетті стратегиялық перспективасын қалыптастырудың, нарықтық тауашаны ұстап қалу мен кеңейтудің негізгі шарттарының бірі бола алады. Инновацияның ірі жүйесі үшін-бұл оң көрсеткіштерге шығу тәсілі.



Сурет 1 – 2017 жылғы Қарағанды облысы моноқалаларындағы инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің деңгейі

Ескертпе – [4] әдебиет көзі негізінде жасалған

Суретте көрсетілген инновациялық белсенділік деңгейі бойынша Саран қаласында байқалады. Қаланың даму басымдықтары өңдеу өнеркәсібінің жоғары үлесімен (83,8%), «Sunpaper» « ЖШС бәсекеге қабілетті орта және шағын кәсіпорындардың болуымен түсіндіріледі.

Инновациялық өзгерістердің қаншалықты нәтижелі жүзеге асырылып жатқандығына ұлттық экономикалық жүйенің де, оның аймақтарының да жұмыс істеу тиімділігі байланысты екенін түсіну қажет. Сонымен қатар, инновациялық үдерістер тұрғысынан аймақтық жүйелеріне қаншалықты табысты өзгертулер енгізілсе, соғұрлым мемлекет бойынша жалпы көрініс қалыптасатыны белгілі.

Аймақтың, оның ішіндегі қалаларды, әсіресе моноқалалардың инновациялық дамуы - бұл әлеуметтік-экономикалық үдеріс, оның негізінде аймақтық инновациялық жүйені қалыптастыру жатыр. Ол аймақтың инновациялық әлеуетін арттыруға және жоғары қосылған құнды құрайтын зияткерлік еңбек пен өнімдерді пайдалануға негізделген жоғары технологиялық өндірістерді ұйымдастыру жолымен жүзеге асыруға қабілетті болуы тиіс.

Аймақтың инновациялық әлеуеті оның инновациялық дамуға қабілетін сипаттайтын факторлар мен жағдайлардың жиынтығын құрайды. Инновациялық әлеует-бұл жүйенің өзгертуге, жақсартуға, прогресске қабілеттілігінің сипаттамасы. Аймақтық жүйелердің инновациялық үдерістерін дамытудың басты ерекшелігі, бірінші кезекте, аймақтың бейінді салаларына, оның даму басымдықтарына, аймақтың қандай да бір артықшылықтарын барынша пайдалануға бағыттаудан тұрады. Көптеген елдерде инновациялық қызметтің табысты дамуы экономикадағы ғылыми-инновациялық саланы мемлекеттік қолдау жүйесімен байланысты. Егер мемлекет бастама бермесе, онда аймақтық жүйелердің инновациялық белсенділігін іске асыру ерте ме, кеш пе, төменге түседі.



Ескертпе – [5] әдебиет көзі негізінде жасалған

Сурет 2 – Қарағанды облысы моноқалаларының инновациялық дамуын мемлекеттік қолдаудың институционалдық құрылымы

Қазіргі уақытта инновациялық саясатты іске асырудың негізгі құралы аймақтық инновациялық бағдарламалары мен даму тұжырымдамалары болып табылады. Мұндай бағдарлама аймақтық, моноқалалық жүйенің ішіндегі басқару жүйесіне инновациялық өзгерістер енгізу жолдарын қарастыруы мүмкін.

Кесте 2 – Моноқалалардың облыс бойынша инновациялық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегияла


Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалар атауы	Қалалар және моноқалалардың инновациялық дамуына қатысты мәселелер
1	2
1. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2. «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 3. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы	1. Қалалардың урбанизациясы және өсуі 2. «Ақылды қала» тұжырымдамасына қатысты қалаларды дамыту 3. жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылық қолдау; шағын және моноқалаларды дамыту; тұрғын үй құрылысы (қолжетімді тұрғын үй); өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті қолдау

1	2
<p>4. «Қазақстан-2050» Стратегиясы»                      5. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары                      6. «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы                      7. Қарағанды облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы</p>	<p>4. Үкімет «Атамекен» одағымен бірлесіп, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына міндетті мүшеліктің тұжырымдамалық моделін әзірледі. Бұл модель құрылатын ұлттық кәсіпкерлер палатасына кәсіптік-техникалық білім беру саласындағы мемлекеттік органдардың кең өкілеттіктері мен функцияларын беруді қамтамасыз етеді. Шағын бизнесті кешенді сервистік қолдау, әсіресе ауылдық жерлерде және моноқалаларда, сыртқы экономикалық қызметке қолдау көрсету. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Үкіметтің сенімді әрі құзыретті серіктесі болады                      5. Міндет «Орташа және шағын қалаларға басымдықпен реттелетін урбанизация», 5.9 бастамасы орта және шағын қалаларды дамыту»                      6. Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау;                      7. Моноқалалардағы инфрақұрылымды дамыту (инженерлік-коммуникациялық, көлік жолдарын жөндеу), инвестиция көлемін арттыру, инновациялық дамыту</p>
<p>Ескертпе – автормен құрастырылған</p>	

Сонымен қатар облыс бойынша әрбір моноқаланың перспективалы даму жоспарлары, мысалы, Сәтбаев қаласының 2024 жылға дейінгі даму жоспары; Жезқазған қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы және т.б.[6]

Әрбір аймақ, әрбір моноқала өзінің ерекше, ұдайы өндіру, салалық және технологиялық құрылымына, өзінің басымдықтар жүйесіне ие және ең алдымен өз күштері мен ресурстарына, сондай-ақ аймақты технологиялық қайта құруда, инновациялық инфрақұрылымды дамытуда, кадрлар даярлау мен басқару жүйесін жетілдіруде мемлекеттік қолдауға сенім артуға тиіс. Моноқалалар әлеуметтік-экономикалық және аймақтық инновациялық жүйенің ажырамас бөлігі бола отырып, құрамдас элементтердің өзара әрекеттесуінің тиімділігімен, сыртқы ортаның оң және теріс факторларының әсер ету дәрежесімен сипатталады. Экономикалық, әлеуметтік, географиялық ерекшеліктерін ескере отырып нақты моноқаланың әлеуметтік-экономикалық ортасына негізгі элементтердің белгілі бір конфигурациясы, функционалдық блоктардың өзара іс-қимылының тиісті нысандары мен шарттары, моноқаланың дамуына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар тән (сурет 3).





Ескертпе – [7] әдебиет көзі негізінде жасалған

**Сурет 3** – Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық жүйесінің әрекет ету моделі

Моноқаланы тұрақты дамыту мақсатында тұрақтандыру стратегиясы мен тактикасын құрастыру және жүзеге асыру, моноқаланың инновациялық ортасын қалыптастыру мен дамытуды басқару үдерісін оңтайландыру үшін моноқаланың ішкі ортасының инновациялық әлеуетін, сыртқы ортаның әсер ету факторларын сапалы талдау, сондай-ақ ҚР шеңберінде инновациялық қызметті жүзеге асыру қағидаттары мен шарттарының жиынтығын есепке алу қажет.

Моноқаланың экономикасын инновациялық дамуға көшіру үшін белгілі бір шарттардың болуы қажет [4], олардың негізгілері болып табылады: минералдық-шикізат ресурстарының болуы; басқа кәсіпорындардың техникалық даму деңгейін айқындайтын қала құраушы кәсіпорынның өндірістік және технологиялық базасының даму деңгейі; мемлекеттік, сондай-ақ жеке құралдардың қауіпсіз және тиімді жұмсалыуын қамтамасыз ететін заңнамалық, экономикалық, әлеуметтік, криминогендік, экологиялық жағдайлардың жиынтығымен сипатталатын инвестициялық ахуал; еңбек ресурстары және олардың сапалық сипаттамасы; жергілікті білім берудің ғылыми кешенінің жағдайы. Ғылымның жетістіктерін практикалық қызметте және өндірісті дамытуда пайдалану инновациялық салаларды құруға және түпкілікті сұраныс өнімдерін өндіруге негіз бола алады.

Қорытындылай келе, моноқалалардың инновациялық дамуын басқару әдістері мен қағидалары мүдделерді үйлестіруге, қатысушылардың қызметін үйлестіруге және оң және теріс әсердің түрлі факторларының әсер ету дәрежесін есепке алуға негізделген инновациялық ортаға жергілікті өзін-өзі басқару органдарының көп өлшемді және көп аспекті, мақсатты ықпал ету үдерісін білдіреді. Бұл тиімді инновациялық

инфрақұрылым негізінде моноқаланың экономикалық ортасын сапалы трансформациялауды жүзеге асыруға және оның бәсекеге қабілетті және тұрақты жағдайына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл жағдай тиімді инновациялық инфрақұрылым негізінде моноқаланың экономикалық ортасын сапалы трансформациялауды жүзеге асыруға және оның бәсекеге қабілетті және тұрақты жағдайына қол жеткізуге септігін тигізеді.

## ӘДЕБИЕТ

1 Винокуров В. Основные термины и определения в сфере инноваций / В.Винокуров. - М:Юнити, 2005. – с. 6-22

2 Шляхто И.В. Методика и результаты исследования факторов, отражающих инновационный потенциал региона // Научные ведомости Белгородского госуниверситета. Сер. История. Политология. Экономика. – 2007. – № 1(32).

3 Кузнецова Г.Ю., Любовный В.Я. Монопрофильные города – мониторинг и возможные подходы к решению их проблем // Федерализм. – 2012. - № 2.

4 Официальный сайт Комитета по статистике МНЭ Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://stat.gov.kz>.

5 Официальный интернет-ресурс «Акимата Карагандинской области» [Электронный ресурс]. — Режим доступа:<https://karaganda-region.gov.kz/ru/>

6 Паспорт программы развития Карагандинской области на 2016-2020 годы утверждена решением XIII сессии областного маслихата №263 от 12 декабря 2017 года. – URL: [https://karaganda-region.gov.kz/ru/asc\\_prog/](https://karaganda-region.gov.kz/ru/asc_prog/)

7 Пыткин А.Н., Загоруйко И.Ю. Проблемы совершенствования организационно-экономических механизмов реформирования промышленного сектора экономики моногородов. Екатеринбург: Изд-во Института экономики Уральского отделения РАН, 2013. –275 с.